


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ АРҚАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ



Ғылыми кеңес шешімімен БЕКІТІЛДІ
Хаттама № 10 «29» 02 2024 ж.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті»

Қабылдау жылы: 2024

Арқалық, 2024 ж.

Педагогика және филология факультеті

6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы

ББ түрі: қолданыстағы

Құрастырғандар:

Рахметова Б.А. – қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының жетекшісі, ф.ғ.к., аға оқытушы

Шакирова К.М. – қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, магистр

Сайлан А. – қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 3 курс студенті

Ізімғалиева А. – қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 3 курс студенті

Сарапшы:

Даулбай М.О. – Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімі, Ә.Бөкейхан атындағы жалпы білім беретін мектебі, педагог-сарапшы

Білім беру бағдарламасы мәжілісінде ұсынылды

Хаттама 5 « 13 » 12 2023 ж.

Білім беру бағдарламасының жетекшісі



Рахметова Б. А.

Факультет кеңесінің мәжілісінде мақұлданды

Хаттама 6 « 10 » 01 2024 ж.

Факультет кеңесінің төрағасы



Калиев А.К.

Институттың академиялық кеңесінде қаралды

Хаттама 6 « 07 » 02 2024 ж.

Академиялық кеңес төрайымы



Жумабаева С.Б.

1 ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Бағдарлама циклы *Бірінші цикл: бакалавриат, ҰБШ / СБШ 6 деңгейі*

Тағайындалатын дәреже *Білім бакалавры*

Несиелердің жалпы көлемі *240 академиялық несие*

Оқу мерзімі: *күндізгі оқу түрі – 4 жыл орта білім негізінде*

1.1 Жалпы ережелер

6B01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы жоғары білім МЖМБС, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына, Ұлттық біліктілік шеңберіне, Салалық біліктілік шеңберіне, «Педагог» кәсіби стандартына, Дублин дескрипторларына сәйкес әзірленген.

Білім алушыларды білім бағдарламасына қабылдаудың талаптары Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларымен анықталған.

Білім беру бағдарламасына түсетін үміткерлер ұлттық бірыңғай тестілеуден (ҰБТ) өтеді.

Білім беру бағдарламасына түскен соң студент қосымша траектория тандау мүмкіндігіне ие болады.

Білімін 7M01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті» бағыты бойынша магистратурада одан әрі жалғастыру мүмкіндігі бар.

1.2 Білім беру бағдарламасының мақсаты: білім беру кеңістігінде құзыретті, оқу үрдісін ұйымдастыруда білікті қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау. білім беру кеңістігінде құзыретті, оқу үрдісін ұйымдастыруда білікті қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау

- подготовка компетентного в образовательном пространстве, квалифицированного в организации учебного процесса учителя казахского языка и литературы

- preparation of a teacher of the Kazakh language and literature who is competent in the educational space, qualified in the organization of the educational process

1.3 Білім беру бағдарламасының міндеті: қоғамның әлеуметтік тапсырысына сәйкес қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімдерін сапалы кәсіби даярлауды қамтамасыз ету.

2 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША БАКАЛАВРДЫ ДАЙЫНДАУ БАҒЫТЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

2.1 Кәсіби қызмет саласы:

6B01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті» бакалавры білім және ғылым саласында қызмет атқарады.

2.2 Кәсіби қызмет объектілері:

-меншіктік және ведомстволық бағыныштылық түріне тәуелсіз барлық типтегі және әр түрдегі орта білім беру мекемелеріндегі педагогикалық үрдіс;
-техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарындағы педагогикалық үрдіс.

2.3 Кәсібилік қызметтің функциясы:

ҰБШ/СБШ 6.1 деңгейшесі мен «Педагог» кәсіби стандартына сәйкес 6B01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті» негізгі білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврдың кәсіби қызметінің функциялары:

- оқыту;
- тәрбиелеу;
- зерттеушілік;
- әдістемелік;
- әлеуметтік-коммуникативтік.

3 КҮТІЛЕТІН ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

3.1 Білім беру бағдарламасының оқу нәтижелері

(ОН1) тіл білімі және әдебиеттану ғылымы салаларының негізгі теориясын сыни тұрғыдан меңгереді;

(ОН2) лингвистика және әдебиеттану саласының негізгі заңдылықтарын кәсіби салада қолданады;

(ОН3) қазақ, орыс тілдерінде іскерлік және практикалық деңгейде қарым-қатынасты ұйымдастыруға қабілетті;

(ОН4) қазіргі білім беру жүйесіне сәйкес оқыту әдістерін меңгерген, инклюзивті білім беруде кәсіби шеберлік көрсетеді және критериалды бағалауды қолданады;

(ОН5) кәсіби салада экологиялық мәдениет, тіршілік қауіпсіздігінің теориялық және практикалық негіздерін сыни тұрғыдан қолданады, оқу-тәрбие жұмысын жоспарлап жүргізеді; ұлттық құндылықтар аясында адал азаматтың құндылықтарын қалыптастыру дағдыларын меңгереді; экономика, кәсіпкерлік, құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет саласындағы жан-жақты дамыған тұлға ретінде білімдерін көрсетеді.

(ОН6) білім беруді ұйымдастырудың педагогикалық процесін бақылап басқара біледі; кәсіби қызмет саласында цифрлық білім беру ресурстарын қолданады;

(ОН7) академиялық жетістіктерін арттыру мақсатында зерттеу мәдениеті мен академиялық жазылым дағдыларын қалыптастыру негізінде кәсіби бағытталған коммуникативтік міндеттерді шешеді;

(ОН8) білім алушылардың физиологиялық жас ерекшеліктерін ескере отырып, қарым-қатынаста психология мен педагогиканың және Ұлы Даланың рухани құндылықтарының теориялық негіздерін сыни тұрғыдан қолданады, оқу-тәрбие жұмысын жоспарлап жүргізеді.

4 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ
4.1 Негізгі білім беру бағдарламасы модульдерінің сипаттамасы

Модуль атауы	Несие саны	Құрамдас модульдердің атауы (пән, тәжірибе)	Оқу нәтижелері
Қоғамдық пәндер	56	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	
		Философия	
		Орыс тілі	
		Шет тілі	
		Әлеуметтік-саяси білімдер модулі	
		Адал азамат құндылықтары	ОН 3
		Экологиялық мәдениет	ОН 3
		Кәсіпкерлік негіздері және қаржылық сауаттылық	ОН 3
		Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	
		Дене шынықтыру	
		Педагогика	ОН 1, ОН7, ОН8
		Білім берудегі психология	ОН1, ОН 6,ОН7, ОН8
		Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі	ОН1, ОН7, ОН8
		Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы	ОН8
		Оқу-танысу тәжірибесі	ОН 7, ОН8
Педагогикалық-психологиялық тәжірибе	ОН 7, ОН8		
Фундаментальды даярлық	51	Ұлы дала фольклоры мен әдебиетінің тарихы	ОН2, ОН5
		Қазақ тілі пунктуациясының теориялық негіздері/	ОН2, ОН5
		Тіл білімінің теориялық негіздері	ОН2, ОН5
		Әдебиеттану ғылымына кіріспе	ОН2, ОН5
		Қазіргі қазақ тілі	ОН2, ОН5
		XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті	ОН2, ОН5
		XX ғасырдағы қазақ әдебиеті	ОН2, ОН5
		Көркемдік даму, дәстүр және жаңашылдық	ОН2, ОН5
		Тіл білімінің жаңа бағыттары	ОН2, ОН 5
		Грамматикалық сауаттылық негіздері	ОН 2, ОН5
		Оқу сауаттылығы	ОН 2, ОН5
		Хандық дәуір әдебиеті	ОН1, ОН2

Педагогикалық шеберлікті қалыптастыру	47	Инклюзивті білім беру	ОН1, ОН7, ОН8
		Қазақ тілін оқыту әдістемесі	ОН1, ОН7, ОН8
		Филологиялық білім берудегі тілдік талдау технологиясы	ОН2, ОН 5
		Педагогикалық шеберлік	ОН 1, ОН7, ОН8
		Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі	ОН1, ОН7, ОН8
		Педагогикалық тәжірибе	ОН1, ОН6, ОН7, ОН 8
		Өндірістік тәжірибе	ОН1, ОН6, ОН 7, ОН8
Бейіндік пәндерге даярлық	46	Қазіргі қазақ тілі сөзжасамы	ОН2, ОН5
		Қазақ тілінің морфемалар жүйесі	ОН2, ОН5
		Қазіргі қазақ тілі морфологиясы	ОН2, ОН5
		Қазіргі қазақ тілі сөз таптарының жүйесі	ОН2, ОН5
		Қазіргі қазақ тілі синтаксисі	ОН2, ОН5
		Сөз тіркесі және сөйлем синтаксисі	ОН2, ОН5
		Қазіргі қазақ әдебиеті	ОН2, ОН5
		Қазіргі әдеби процесс	ОН2, ОН 5
		Қазақ әдеби тұлғатануы	ОН2, ОН5
		Әдебиеттік тұлғатану	ОН2, ОН5
		Әдебиет теориясы және филологиялық талдау	ОН2, ОН5
		Әдебиет теориясының негіздері және көркем шығарманы әдеби-теориялық талдау	ОН2, ОН5
		Абайтану	ОН2, ОН5
		Қазіргі қазақ поэзиясы	ОН2, ОН5
		Қазақ тілі мен әдебиетін қашықтықтан оқыту платформалары мен сервистері	ОН 7
		Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы сандық ресурстар	ОН 7
Қазақ тілі стилистикасы	ОН2, ОН 5, ОН 6		
Стилистика және сөйлеу мәдениеті	ОН2, ОН 5, ОН 6		
Ғылыми модулі	11	Ғылыми-зерттеулер негіздері және академиялық жазу	ОН 4
		Мектепте академиялық жазылымды оқытудың әдістемелік негіздері	ОН 4
		Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша жазба жұмыстардың әдістемелік негіздері	ОН 4
		Дипломалды тәжірибе	ОН2, ОН4, ОН5
Қорытынды аттестаттау	8	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру	ОН2, ОН4, ОН5

**4.2 Білім беру бағдарламасы элективті пәндер каталогы
6B01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы**

№	Пән атаулары	Пәннің қысқаша мазмұны (30-50сөз)	Кредит саны	Семестр	Пререквизиттер	Постреквизиттер
Жалпы білім беру пәндер циклі ЖОО компоненті						
1	Экологиялық мәдениет	Экологиялық мәдениет курсы экологиялық сауаттылық және тіршілік қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес салауатты, қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз ету үшін экологиялық мәдениеттілікті дамыту жолдарын және тіршілік қауіпсіздігі негіздерін үйренуге бағытталған. Студенттер қоршаған ортаның өзара әрекеттесуін сыни тұрғыдан бағалайды, төтенше жағдайларда қорғанудың әдіс тәсілдерін меңгереді, экологиялық мәдениет дамыту үдерісін белсенді ұйымдастырады.	5	4	Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
2	Адал азамат құндылықтары	Студенттердің бойында жалпы адамгершілік және ұлттық құндылықтар аясында адал азаматтың құндылықтарын қалыптастырады. Адалдықтың құндылығы мен азаматтық ұстанымды жүйелі білім арқылы меңгереді. Рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контекстінде адал азаматты қоғам ортасында қалыптастыру мәселелері жүйеленеді. Білім алушылардың ішкі тұлғалық мәдениетін нығайту негіздерінің әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, адамгершілік-этикалық аспектілері талданады.	5	4	Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
3	Кәсіпкерлік негіздері және қаржылық сауаттылық	Курс қазіргі нарықтық экономика жағдайында табысты кәсіпкерлік қызметке қажетті құзыреттерді дамытуға ықпал етеді. Студенттер оңтайлы экономикалық шешімдер қабылдауды үйренеді, кәсіпкерлік пен қаржының негізгі ұғымдары мен білімдерін меңгереді, қаржылық операцияларды жүргізуге қажетті дағдыларды дамытады. Студенттер қаржы	5	4	Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі

		институттарының (банктер, қор нарығы және т.б.) қызметін талдайды, қаржылық-экономикалық құбылыстарды (несие беру, инвестициялау және т.б.) жіктейді.				
Базалық пәндер циклі ЖОО компоненті						
1	Педагогика	Бұл курс педагогикаға ғылым ретінде шолу, оның диалектикалық, қарама-қайшылықты және әдіснамалық ерекшелігін ұсынады. Студенттер дүниетанымды, әлеуметтік және жеке маңызды педагогикалық мәселелерді талдайды, тұтас педагогикалық процестің заңдылықтары мен принциптері туралы сыни тұрғыдан ойластырады. Білім беруді цифрландыру жағдайында педагогика, киберпедагогика, киберкеңістік және кибер әлеуметтендірудегі киберонтологиялық тәсілге ерекше назар аударылатын болады.	5	3	Оқу-танысу тәжірибесі	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, Педагогикалық шеберлік
2	Білім берудегі психология	Курс білім беру қызметінің психологиясы саласында теориялық білімдерді қалыптастыруға және практикалық біліктерді игеруге бағытталған. Пән мектепке дейінгі және мектеп жасындағы білім алушылардың ойын және оқу іс-әрекетінің психологиялық ерекшеліктерін, сондай-ақ мұғалімнің педагогикалық қызметін ашады. Осы курс аясында мектепке дейінгі және орта білім беру мекемелерінде оқу кезеңінде әр түрлі жас кезеңдерінде баланың дамуының заңдылықтары мен психологиялық ерекшеліктеріне баса назар аударылады.	3	3	Оқу-танысу тәжірибесі	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, Инклюзивті білім беру
5	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі	Бұл курс болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығының міндетті компоненті болып табылады. Бұл пәнді игеру студенттерге «Мәңгілік Ел» және «Рухани жаңғыру» ұлттық идеясына сәйкес мектеп оқушыларымен тәрбие жұмысын жүргізуге, жоспарлар мен конспекттер жасауға, сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға және өткізуге мүмкіндік береді. Курс студенттерге заманауи мектепте сынып жетекшісінің қызметін қайта қарауға мүмкіндік береді.	4	5	Педагогика, Білім берудегі психология	Педагогикалық тәжірибе
6	Жас ерекшелік физиологиясы және	Курс салауатты, қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру мақсатында мектеп жасындағы оқушылардың	3	2	Мектептегі биология курсы	Педагогикалық-психологиялық

	мектеп гигиенасы	өсуі мен дамуының физиологиялық ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған. Студенттер балалар мен жасөспірімдердің физиологиялық және гигиеналық ерекшеліктерін, сонымен қатар физиологиялық функциялардың педагогикалық әсерге жауап беру ерекшеліктерін талдайды. Сонымен қатар, курсты оқу барысында студенттер мүшелердің, мүшелер жүйесінің, жалпы организмнің сыртқы ортамен байланысты қызметінің ерекшеліктерін салыстырады. Осыған байланысты студенттер оқу процесін ұтымды етуге, аурудың алдын алуды жүзеге асыруға бағытталған оқушының үйлесімді дамуы мен функционалдық мүмкіндіктерін арттыру әдістерін қолданады.				тәжірибе
7	Оқу-танысу тәжірибесі	Оқушылар мектеп жұмысын ұйымдастырудың құрылымымен, негізгі принциптерімен, пән мұғалімінің қызметімен (нормативтік-құқықтық базасы, «Күнделік» электронды журналымен, критерийлерімен, қалыптастырушы және жиынтық бағалауымен, білім беру және жаңартылған білім беру мазмұны бойынша әдістемелік әдебиеттер және т.б.) танысады. Студенттер тәжірибеде алған білімдерін психологиялық-педагогикалық бағыттындағы пәндерді оқытуда белсенді қолданады. Олар сынып жетекшісінің қызметін қайта ойластыра алады (жобалау, ұйымдастыру, сынып жетекшісінің тәрбие жұмысын талдау).	2	2	Тіл білімінің теориялық негіздері	Педагогикалық-психологиялық тәжірибе
8	Педагогикалық-психологиялық тәжірибе	Студенттер ұжымының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін зерттеу процедурасын талдайды, олар сабаққа (тәрбиелік іс-шараға) психологиялық-педагогикалық талдау жүргізеді. Сонымен қатар, олар «Социометрия» кабинетін зерттеудің диагностикалық әдістерін және оқушылардың жетістіктерін диагностикалау әдістерін қолдана алады, студенттің жеке басының психологиялық-педагогикалық сипаттамаларын құрайды.	2	4	Оқу-танысу тәжірибесі, Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы	Педагогикалық тәжірибе
9	Ұлы дала фольклоры мен әдебиетінің тарихы	Курс фольклордың табиғаты, оның өмір сүру заңдылықтары, жанрлары, классификациялау принциптері; фольклордың қазіргі әдебиеттегі көрінісі мен қолданысы, Түркі қағанаты, оғыз, ислам қарахан, Алтын Орда, қазақ хандығы дәуіріндегі	5	2	Әдебиеттану ғылымына кіріспе	Хандық дәуір әдебиеті, XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті, Қазіргі қазақ

		әдебиет жайлы мәселелерді қарастырады. Пәнді игеру нәтижесінде студент фольклористика ғылымының өзіндік сипатын сипаттайды; фольклордың халықтың өнері, дәстүрі, таным-түсінігі екенін ажыратады; жазба ескерткіштер мен әдеби мұралардың өзіндік ерекшеліктерін айқындайды; хандық дәуірдегі әдеби мұра бойынша ғылыми әдебиеттер мен мәтіндерді сыни тұрғыдан талдайды; ақын-жыраулардың шығармашылық тұлға ретіндегі ерлік, қайраткерлік қасиеттерін бағалайды.				әдебиеті, Қазіргі әдеби процесс
10	Қазақ тілі пунктуациясының теориялық негіздері	Пән қазақ тілі пунктуациясының теориялық негіздері мен заңдылықтарын меңгертуге бағытталған. Курста пунктуация теориясы, емле және пунктуация ережелері, қазақ пунктуациясы және сауатты жазу дағдыларын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері, қазақ тыныс белгілерін оқытудың зерттелуі, пунктуацияны оқытудың лингвистикалық негіздері қарастырылады. Курс соңында орфография мен пунктуацияны оқытудағы кездесетін қиындықтарды саралайды, тыныс белгілерін жазу практикасында қолдануды бір ізге түсірудің тиімді жолдарын анықтайды; тыныс белгілері түрлері мен ерекшелігін ажыратады; тыныс белгілерінің құрамын, атқаратын қызметтері мен білдіретін мағыналарын және оларды қолдану ережелерін сыни тұрғыдан талдайды, пунктуациялық заңдылықтарды дұрыс қолдану дағдыларына ие болады.	5	3	Тіл білімінің теориялық негіздері	Тіл білімінің жана бағыттары
11	Тіл білімінің теориялық негіздері	Курста тіл білімінің теориялық негіздері, негізгі ұғымдар жүйесі, тілдің табиғаты, мәні, қоғамдық қызметі, тілдің құрылымы, қазіргі тіл ғылымының негізгі зерттеу бағыттары мен салалары қарастырылады және талданады. Пәнді меңгергеннен кейін студент тіл ғылымы жайлы теориялық тұжырымдарға қатысты өз ойларын айта біледі, пікірлерін дәлелдей алады; тіл біліміндегі жалпы ортақ ұстанатын қағидаларды сипаттайды; тіл құрылымы туралы теориялық түсініктерді жіктейді және салыстырады. XIX-XX ғасырда тіл ғылымының дамуын, тіл ғылымының бағыттарын, ұлтаралық	5	1	Мектептегі қазақ тілі курсы	Қазіргі қазақ тілі, Қазақ тілі пунктуациясының теориялық негіздері, Тіл білімінің жана бағыттары, Оқу сауаттылығы, Грамматикалық сауаттылық негіздері, Филологиялық білім

		тілдер байланысын жүйелейді. XX ғасыр мен XXI ғасырдағы тіл ғылымының шектесімін анықтайды. Тіл ғылымының басқа ғылым түрлерімен шектесімін бағалайды				берудегі тілдік талдау технологиясы
12	Әдебиеттану ғылымына кіріспе	Курс әдебиет туралы ғылымның негізгі әсемдік көркемдік жайлы әдеби-теориялық түсінігін, көркемдік эстетикалық танымын қалыптастыруға, көркем туындыны талдау, бағалау жолдарына машықтандыруға бағытталған. Пәнді меңгеру нәтижесінде студент әдебиеттанудың негізгі ұғымдары мен категорияларын сипаттайды; гуманитарлық пәндер жүйесіндегі әдебиеттанудың орны мен рөлін анықтайды; көркем шығарманың құрылымы мен мазмұнын талдаудың әдістері мен тәсілдерін саралайды; көркем шығармашылықты зерттеуде заманауи әдебиеттанудың әдіснамалық аппаратын қолданады; әдеби шығарманың құрылымы мен мазмұнын сыни тұрғыдан талдайды; қазіргі заман ұстанымы тұрғысынан көркем шығарманың мазмұнын бағалайды.	5	1	Мектептегі қазақ әдебиеті	Ұлы дала фольклоры мен әдебиетінің тарихы, Әдебиет теориясы және филологиялық талдау, Әдебиет теориясының негіздері және көркем шығарманы әдеби-теориялық талдау
13	Қазіргі қазақ тілі	Курс қазақ тілі салаларының негізгі теориялық ұғымдары мен заңдылықтарын меңгертуге бағытталған. Пәнде қазақ тілінің лексикалық қоры мен құрамы, дыбыс жүйесі, грамматикалық құрылысы бойынша теориялық, практикалық мәселелер қарастырылады. Пәнді меңгеру нәтижесінде студент тіл дыбыстарының түрлері мен жасалу жолдарын, дыбыстардың үндесу заңдылықтарын, сөздерді таптастыру принциптерін сипаттайды; сөз мағынасы мен олардың түрлерін айқындайды; сөзжасамның негізгі тәсілдерін, грамматикалық ұғымдардың мән-мағынасын ашып көрсетуде теориялық заңдылықтарды қолданады; әр сөз табының грамматикалық түрлену жүйесін сыни тұрғыдан талдайды; синтаксистің негізгі объектілерін, олардың синтаксистік қызметін көрсете алады.	5	3	Тіл білімінің теориялық негіздері	Қазіргі қазақ тілі сөзжасамы, Қазақ тілінің морфемалар жүйесі, Филологиялық білім берудегі тілдік талдау технологиясы
14	XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті	Курста 19 ғасырдағы қазақ әдебиеті өкілдері шығармаларының жанрлық сипаты, тақырыбы мен идеясы, көркемдік дәрежесі мен мазмұны қарастырылады. Пәнді меңгергеннен кейін кезең әдебиетінің негізгі даму бағыттары мен заңдылықтарын сипаттайды; 19 ғасырдағы қазақ әдебиеті өкілдерінің ауызша	6	4	Ұлы дала фольклоры мен әдебиетінің тарихы	XX ғасырдағы қазақ әдебиеті, Көркемдік даму, дәстүр және жаңашылдық, Абайтану

		дәстүрлік жыраулық және ақындық поэзияның табиғи сабақтастығын, көркемдік, стильдік жалғастық мәселелерін ғылыми теориялық тұрғыдан сипаттайды. Кезең әдебиетінің қоғамдық-әлеуметтік оқиғаларын әдеби даму және сыни тұрғыдан талдайды, теориялық білімді практикада қолданады. Үлгісі, түрі мол, сан жанрлы XIX ғасыр әдебиетінің көркемдік табиғатын саралайды.				
15	XX ғасырдағы қазақ әдебиеті	Пән XX ғасырдағы тарихи-әлеуметтік жағдайларға тоқталып, сол кезеңдегі ағымдар мен бағыттардың маңызын тануға, ақын-жазушылардың шығармашылығының тақырыптық негізін, замана сабақтастығын, дәстүр жалғастығын айқындай білуге үйретеді. Әдеби жанрлардың аударма, әдебиет сыны, көсемсөздің дамуын XX ғасырбасындағы проза, лирика, драматургия және аударма мәселелерін меңгертуге бағытталған. Курс соңында студент әдебиеттің қоғамдық-әлеуметтік жағдаймен байланысын, ой-сананы оятудағы міндеттерін сипаттайды; алаш қаламгерлерінің идеялық, мазмұндық, стильдік ерекшеліктерін айқындайды; діни-ағартушылық және ағартушы-демократтық бағыттағы әдебиеттің өзіндік ерекшеліктерін саралайды; осы кезеңдегі әдебиеттану ғылымының жетістіктерін және жекелеген ақын-жазушылардың шығармашылық мұрасын талдайды; осы кезеңдегі әдебиеттану ғылымының жетістіктерін бағалайды.	5	5	Хандық дәуір әдебиеті, XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті	Қазіргі қазақ әдебиеті, Қазіргі әдеби процесс, Қазақ әдеби тұлғатануы, Әдебиеттік тұлғатану, Қазіргі қазақ поэзиясы
16	Көркемдік даму, дәстүр және жаңашылдық	Пән әдебиеттің көркемдік даму заңдылықтарының маңызын тануға, ақын-жазушылардың шығармашылығының тақырыптық негізін, замана сабақтастығын, дәстүр жалғастығын айқындай білуге үйретеді. Курс көркем әдебиеттегі көркемдік даму, дәстүр және жаңашылдық мәселелерін меңгертуге бағытталған. Курс соңында студент әдебиеттің көркемдік даму заңдылықтарын сипаттайды; әдеби даму және дәстүр жалғастығын саралайды; әлемдік көркемдік даму үдерісіндегі қазіргі қазақ әдебиетінің өзіндік тұғырын анықтайды; Абай дәстүрі және оның қазақ поэзиясындағы жалғастығын, Әуезовтың тарихи роман дәстүрін әдеби көркемдік сыни тұрғыдан талдайды.	5	5	Хандық дәуір әдебиеті, XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті	Қазіргі қазақ әдебиеті, Қазіргі әдеби процесс, Қазақ әдеби тұлғатануы, Әдебиеттік тұлғатану, Қазіргі қазақ поэзиясы

17	Хандық дәуір әдебиеті	Курс қазақ әдебиеті тарихындағы елеулі бір сала –қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиеттің жыраулар поэзиясы жайлы мәселелерін қарастырады. Пәнді игеру нәтижесінде студент ежелгі түркілік поэзия мен жыраулық поэзияның сабақтастығы, идеялық –көркемдік жалғастығы мәселелерін, хандық дәуірдегі әдеби мұра бойынша ғылыми әдебиеттер мен мәтіндерді сыни тұрғыдан талдайды; ақын-жыраулардың шығармашылық тұлға ретіндегі ерлік, қайраткерлік қасиеттерін бағалайды. Болашақ мұғалімдер оқыту барысында ұлттық әдебиеттің негіздерін көрсетеді.	5	4	Ұлы дала фольклоры мен әдебиетінің тарихы	XX ғасырдағы қазақ әдебиеті, Көркемдік даму, дәстүр және жаңашылдық
18	Тіл білімінің жаңа бағыттары	Курс компьютерлік лингвистика және интеллектуалдық технологиялар, психолингвистикадағы эксперименттер, этнолингвистика, психолингвистика, психолингвистиканың қолданбалы аспектілері, этнолингвистика және антропологиялық лингвистика, әлеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттану, лингвоэкология бағыттарын меңгертуге бағытталған. Пән антропоэзектік бағыттың қазақ тіл білімінде қалыптасуын, зерттеу нысанын, «тілдегі адам» немесе «адамның тілі» проблемасын, негізгі қағидаттары мен ұстанымдарын, ұлттық сананың тілдегі көрінісін қарастырады. Пәнді меңгеру нәтижесінде қазіргі тіл білімінің негізгі заңдылықтары мен зерттеу қағидаттарын сипаттайды; ұлттық сананың тілдегі көрінісін талдайды; жаңа бағыттарға қатысты тәжірибелерді сыни тұрғыдан саралайды; психолингвистикадағы эксперименттерді қолданады; жаңа бағыттардың маңызын анықтайды.	5	4	Тіл білімінің теориялық негіздері	Ғылыми -зерттеулер негіздері және академиялық жазу
19	Оқу сауаттылығы	Курс студенттердің оқу, жазу машығын сипаттай алуға, ақпаратты толық меңгерту дағдыларын анықтауға, тыңдалым, оқылым машығын қалыптастыруға, мәтінмен жұмыс жасау қабілетін дамытуға бағытталған. Курс соңында студенттер мәтіндерді сыни тұрғыдан талдай алады; жазылым дағдысын қалыптастырудағы мәтіндермен жұмыс жасаудың тиімді әдістерін қолданады; мәтіндегі сөздерді есте сақтау, оқу, жазу дағдыларын қалыптастырады. Тіл білімі салаларының негізгі	5	3	Тіл білімінің теориялық негіздері	Қазіргі қазақ тілі сөзжасамы, Қазақ тілінің морфемалар жүйесі

		теориясын меңгере отырып, сыни тұрғыдан талдайды және кәсіби салада қолдана алады.				
	Грамматикалық сауаттылық негіздері	Курс білім алушылардың филология ғылымының теориялық және практикалық негіздері бойынша білімдерін, дағдылары мен іскерліктерін кеңейтуге бағытталған. Пәнді игеру нәтижесінде студенттер оқу сауаттылығы мен жазу сауаттылығы негіздерін сипаттауға, тілдік талдау жолдарының бастапқы негіздерін сыни тұрғыдан талдауға, сөйлеу қолданыстарын толық игеріп сауатты жазуға, әдеби тілде сөйлеуге үйренеді; алынған теориялық білімді ауызша және жазбаша мәтіндерді құруда қолданады.	5	3	Тіл білімінің теориялық негіздері	Қазіргі қазақ тілі сөзжасамы, Қазақ тілінің морфемалар жүйесі
20	Қазіргі қазақ тілі морфологиясы	Курс грамматикалық форма мен мағына арасындағы байланысты ашуға, морфологиялық категорияларды сипаттау және талдау үшін қажетті терминологияны зерттеуге бағытталған. Пән сөздердің морфологиялық құрылымын, сөздердің лексика-грамматикалық топтарын, тілдегі грамматикалық мағыналар мен формаларды, сөздердің тұлғалық өзгеруін, сөз формаларын, олардың жасалу тәсілдері мен түрлерін; негізгі грамматикалық ұғымдарды қамтиды. Курс соңында студент грамматика теориясындағы негізгі грамматикалық ұғымдарды тереңдетіп сипаттайды; туынды сөздердің жасалу ерекшеліктері мен тәсілдерін анықтайды; сөздің лексикалық және грамматикалық мағына айырмашылықтарын салыстырады; негізгі грамматикалық ұғымдардың мәнін анықтауда теориялық заңдылықтарды қолданады; тілдік элементтердің құрылымдық ерекшеліктерін сыни тұрғыдан талдайды; сөз таптарының лексика-грамматикалық, синтаксистік қызметтерін саралайды; сөз таптарының ерекшеліктерін зерттеу нәтижелері негізінде бағалайды.	5	5	Қазіргі қазақ тілі сөзжасамы, Қазақ тілінің морфемалар жүйесі	Қазіргі қазақ тілі синтаксисі, Сөз тіркесі және сөйлем синтаксисі Қазақ тілі стилистикасы, Стилистика және сөйлеу мәдениеті
	Қазақ тілі сөз таптарының жүйесі	Курс сөздерді таптастырудың негізгі теориясы мен принциптерін, олардың мәні мен сипатын, ішкі мазмұнын ажырата білуге үйретеді. Пән тілдегі сөздердің лексика-грамматикалық сипатының сан алуандылығын, лексика-	5	5	Қазіргі қазақ тілі сөзжасамы, Қазақ тілінің морфемалар жүйесі	Қазіргі қазақ тілі синтаксисі, Сөз тіркесі және сөйлем синтаксисі,

		грамматикалық ерекшеліктеріне қарай ғылымда олардың сөз таптарына бөлінетіндігін және сөздерді сөз таптарына бөлу олардың ұқсастығы мен ерекшеліктерін білдіретін белгілері негізінде жасалатынын сипаттайды. Курс соңында студенттер тілдегі сөздердің лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне талдау жасайды, лингвистикалық зерттеулердің негізгі әдістерін игереді, тіл бірліктері мен олардың қызметі туралы теориялық заңдылықтарды түсіндіреді.				Қазақ тілі стилистикасы, Стилистика және сөйлеу мәдениеті
21	Қазіргі қазақ тілі сөзжасамы	Курс сөзжасам жүйесінің негізгі теориясы бойынша жалпы бағыттарды оқытуға бағытталған. Пән тілдің сөзжасам жүйесіне енетін (сөз, ұғым, мағына, тұлға, мазмұн, сөзжасам, тұлғажасам, сөзжасамдық/тұлғажасамдық жұрнақ, сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық бірліктер, сөзжасамдық заңдылықтарды, сөзжасамның тәсілдерін, түрленім жүйесі) ұғымдарды қамтиды. Курс студенттерге сөзжасамдық талдау, морфемдік талдау, этимологиялық талдау тапсырмаларын құрастыруға көмектеседі. Пәнді меңгеру нәтижесінде студенттер қазақ тілі сөзжасамының тұжырымдамалық негіздеріне, тіл ғылымы жүйесіндегі орнына талдау жасап, алған теориялық білімін кәсіби қызметінде қолдана алады.	5	4	Қазіргі қазақ тілі	Қазіргі қазақ тілі морфологиясы, Қазақ тілі сөз таптарының жүйесі
	Қазақ тілінің морфемалар жүйесі	Курс морфеманың теориялық негіздерін, морфтар жүйесін, олардың лексика-грамматикалық сипатын, функциялық ерекшеліктерін, грамматикалық нольдік морфема т.б. ғылыми ұғымдарды түсінуге ықпал етеді. Пән морфтар жүйесі, морфемалар жүйесі, морфтар морфонологиясы ұғымдарын қамтиды. Курс соңында студенттер грамматикалық нольдік морфема, аналитикалық единицалар жасайтын көмекшілерді анықтайды; түбір мен қосымша шегін салыстырады; сөз бөліктерінің сөзжасамдық ерекшеліктерін сыни тұрғыдан талдайды, сөздердің түрлену заңдылықтарын тәжірибеде қолданады.	5	4	Қазіргі қазақ тілі	Қазіргі қазақ тілі морфологиясы, Қазақ тілі сөз таптарының жүйесі
22	Қазіргі қазақ тілі синтаксисі	Курс қазақ тілі синтаксисінің теориялық негіздері мен заңдылықтарын меңгертуге бағытталған. Курста синтаксис саласының негізгі заңдылықтары, сөз тіркесі, олардың өзіндік	5	6	Қазіргі қазақ тілі морфологиясы, Қазақ тілі сөз таптарының	Қазақ тілі стилистикасы, Стилистика және

		<p>белгілері, басқа тілдік бірліктерден айырмашылығы, сөз бен сөздің байланысы, сөйлем түрлері, олардың құрылысы, жасалу жолдары мен түрлері, бөгде сөз, оның түрлері, тыныс белгілері қарастырылады. Пәнді игеру нәтижесінде студент сөйлемнің құрылымдық семантикалық түрлері мен ерекшеліктерін сипаттайды; сөйлемнің құрамындағы және семантикасындағы құбылыстарды анықтайды; синтаксистік заңдылықтарды дұрыс қолданады; коммуниктивтік мақсатқа сәйкес түрлі құрылымдағы сөйлемді құрастырады және сыни тұрғыдан талдайды; негізгі синтаксистік бірліктің қызметін бағалайды.</p>			жүйесі	сөйлеу мәдениеті
	Сөз тіркесі және сөйлем синтаксисі	<p>Курс сөз тіркесі және сөйлем синтаксисі бойынша сөз тұлғаларының байланысу амалдары, сөз тіркесі мен сөйлем, олардың құрамы мен түрлері, сөйлемдердің бірліктерге бөліну тәсілдері, жеке сөйлемдердің бір-бірімен қарым-қатынасы туралы нақты теория мен негізгі заңдылықтарды түсінуге ықпал етеді. Пәнде сөз тіркесі мен сөйлем синтаксисі, сөздердің байланысу формалары мен тәсілдері, сөйлем түрлері қарастырылады. Пәнді игеру нәтижесінде студент сөздердің тіркесу қасиеті мен түрлерін сипаттайды; сөз тіркесінің құрамы мен түрлерін анықтайды; сөздердің байланысу формаларын салыстырады; сөйлемнің құрылу принциптері бойынша теориялық заңдылықтарды қолданады; сөйлемнің құрамы мен түрлерін сыни тұрғыдан талдайды; сөйлемнің құрылымдық ерекшеліктерін бағалайды.</p>	5	6	Қазіргі қазақ тілі морфологиясы, Қазақ тілі сөз таптарының жүйесі	Қазақ тілі стилистикасы, Стилистика және сөйлеу мәдениеті
23	Қазақ әдеби тұлғатануы	<p>Курста қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасуын, әдебиетіміздегі көркемдік ізденісті толық тани түсу үшін, қарымды қалам иелерінің барлық еңбектері жан-жақты қарастырылады. Пәнді меңгеру нәтижесінде студент қаламгерлер туындыларының идеялық-тақырыптық мазмұны мен табиғатын айқындайды; теориялық білімді практикада қолданады; әдеби тұлғалардың қоғамдық және көркем көзқарасының қалыптасу жолын саралайды; әдеби тұлғалар шығармаларының текстологиялық зерттелуіне сыни тұрғыдан қарайды. Қаламгердің шығармаларын жүйелі түрде талдау</p>	5	6	XX ғасырдағы қазақ әдебиеті, Көркемдік даму, дәстүр және жаңашылдық	Қорытынды аттестаттау

		арқылы оның қазақ әдебиетіндегі алатын орнын, негізгі заңдылықтарын кәсіби салада қолданады.				
	Әдебиеттік тұлғатану	Курс әдебиет зерттеуші ғалымдардың өмірі, шығармашылығы, әдеби мұрасының эстетикалық деңгейі, жазушының шеберлігі, атқарған қоғамдық қызметтері жайында оқытуға бағытталған. Пәнді меңгеру нәтижесінде әдебиеттің дамуына айрықша үлес қосқан әдебиет өкілдерінің өмірі мен шығармашылық жолын сипаттайды; шығармаларын тарихи-мәдени процесс аясында сын тұрғысынан талдайды; шығармашылығы мен шығармаларының көркемдік ерекшелігін саралайды; ұлттық руханияттың дамуына қосқан үлесін, заңдылықтарын кәсіби салада қолданады.	5	6	XX ғасырдағы қазақ әдебиеті, Көркемдік даму, дәстүр және жаңашылдық	Қорытынды аттестаттау
24	Абайтану	Курс ақынның мұрат-мақсаттарын, көркем-әдеби туындыларын, ғылым, білім, өнер, тәрбие мәселелері туралы қағидаларды әдеби тұрғыдан талдауға, ұлттық танымды қалыптастыруға бағытталған. Курста кемеңгер ақынның өмірі мен шығармашылық өнері, философиялық, қоғамдық, эстетикалық көзқарастары, қазақ поэзиясындағы өлең жүйесін, ақындық тілді дамытудағы үлесі, музыкалық мұрасы жайлы сан-салалы зерттеу еңбектері қарастырылады. Пәнді меңгеру нәтижесінде Абай және қазіргі қазақ әдебиетінің рухани байланысын ғылыми негізде пайымдайды; абайтану мектебінің қалыптасу жолдарын сипаттайды; ақынның шығармашылық еңбегінің өміршеңдігін талдайды; шығыс пен батыс ақындарының дәстүрімен үндестігін анықтайды; абайтанудың қазақ мәдениеті мен әдебиеті тарихындағы орнын сын тұрғысынан бағалайды.	5	8	XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті	Қорытынды аттестаттау
	Қазіргі қазақ поэзиясы	Курста қазіргі қазақ поэзиясы-Ұлттық поэзиямыздың даму жолдары мен бағыттары қарастырылады. Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушы поэзия жанры туралы жан-жақты сипаттайды; поэзиялық шығармалардың көркемдік-эстетикалық қуаты мен тілдік айшықтарын сыни тұрғыдан талдайды. көркемдік ізденіс, лирикалық кейіпкер, 60-90 жылдар поэзиясының көркемдік жетістіктері мен сипатын,	5	8	XX ғасырдағы қазақ әдебиеті, Көркемдік даму, дәстүр және жаңашылдық	Қорытынды аттестаттау

		ерекшеліктерін саралайды; әдеби процестегі орнын анықтайды; қазіргі қазақ поэзиясының көркемдік жетістіктерін бағалайды.				
25	Әдебиет теориясы және филологиялық талдау	Курс студенттерді әдебиет теориясының даму және қалыптасу ерекшеліктерімен таныстыруды, әдеби бейне, көркем шығарма, әдеби жанр, көркем шығарманың тілі т.б. әдебиеттанудың басты категорияларын меңгертуді мақсат етеді. Пән негізгі әдеби-теориялық категорияларды оқытуға, көркем мәтінді талдау үшін қажетті практикалық және кәсіби-теориялық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Пәнді игеру нәтижесінде студент сөз өнерінің поэтикасын, көркем мәтінге филологиялық талдаудың методологиялық аспектісін түсіндіреді; негізгі әдеби-теориялық категорияларды сипаттайды; көркем мәтінге филологиялық талдаудың мәні мен негізгі бағыттарын қарастырады және саралайды; әдеби құбылту мен айшықтаудың түрлерін анықтайды; ұлттық және әлемдік әдебиеттің қазіргі даму бағыттарын айқындайды; шығарма идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан талдайды; сөз өнерінің қоғамдық функциясын түсініп, практикада қолданады.	5	8	Әдебиеттану ғылымына кіріспе	Қорытынды аттестаттау
	Әдебиет теориясының негіздері және көркем шығарманы әдеби-теориялық талдау	Курс көркем әдебиеттің өнер ретіндегі өзіндік ерекшеліктері мен көркемдік-идеялық мәнін, қоғамдық сипатын, даму заңдылықтары мен көркем туындыны бағалау, талдау принциптерін зерттеп анықтауға бағытталған. Пәнді игеру нәтижесінде студенттер көркем әдебиеттің табиғатын сипаттайды; әдеби шығармалар табиғатын анықтайды; қазіргі әдебиеттанудағы зерттеулердің ғылыми тұжырымдарын қолданады; әдеби-теориялық талдаудың негізгі аспектілері мен тәсілдерін, кешенді талдаудың ерекшеліктерін көрсетеді; әдеби теориялық ұғымдардың ара жігін сыни тұрғыдан саралайды; көркем шығарманы ғылыми-теориялық тұрғыда талдайды; көркем шығарманы объективті түрде бағалайды.	5	8	Әдебиеттану ғылымына кіріспе	Қорытынды аттестаттау
26	Қазіргі қазақ әдебиеті	Курс қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін меңгеруге, Тәуелсіздік идеясының түп-төркінін, бағыт-бағдарын саралай алуға, ұлттық әдебиетіміздің соңғы жетістіктерін жинақтап сипаттауға	5	8	Ұлы дала фольклоры мен әдебиетінің тарихы	Қорытынды аттестаттау

		бағытталған. Курс соңында студент әдебиеттану ғылымының негізгі теорияларын сыни тұрғыдан меңгере отырып, қазіргі қазақ әдебиеті өкілдерінің идеялық, мазмұндық, стильдік ерекшеліктерін айқындайды; жетекші ғалымдардың көркем мәтін бойынша әдеби теориялық зерттеулерін әдебиеттану саласының негізгі заңдылықтарын кәсіби салада қолдануға қалыптасады.				
	Қазіргі әдеби процесс	Курс қазіргі әдебиетке тән қағидаттарды сипаттауға, әдеби процесс пен әдеби сын саласындағы зерттеулердің ғылыми тұжырымдарын саралауға бағытталған. Курс соңында студент әдебиеттану ғылымының негізгі салаларының негізгі теориясын сыни тұрғыдан меңгеріп, кәсіби салада қолдана алады. Әдеби бағыттар мен жана ағымдарды (модернизм, постмодернизм, экзистенциализм, т.б. ағымдар) ажырата алады; жазушының стиліне талдау жасай алады; әдебиеттану ғылымының жетістіктерін бағалайды.	5	8	Ұлы дала фольклоры мен әдебиетінің тарихы	Қорытынды аттестаттау
27	Ғылыми - зерттеулер негіздері және академиялық жазу	Пән академиялық жазудың теориясы мен тәжірибесін меңгеруге, академиялық ортада тиімді қарым-қатынас жасауға, академиялық және ғылыми мәтін жазу үшін қажетті ғылыми коммуникация саласындағы құзыреттілікті дамытуға, сондай-ақ білім алушылардың ғылыми мәдениетін, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу, алғашқы мәліметтерді жинау, ғылыми зерттеу және мәліметтерді өңдеу әдістерін қолдануға, зерттеу нәтижелерін практикаға апробациялауға, ресімдеуге және енгізуге бағытталған. Курсты меңгеру нәтижесінде студент нақты, дәйекті, бірыңғай дәлелді эссе құрастыра алады; авторлардың бақылаушы және қолдаушы идеяларын анықтау, бағалау және талқылау арқылы мәтіндерге сыни талдау жасай алады; тиісті тілді, риторикалық заңдылықтар мен дәлелдерді қолдана отырып, дипломдық жұмысты жазады және қорғай алады.	5	5	Тіл білімінің жаңа бағыттары	Мектепте академиялық жазылымды оқытудың әдістемелік негіздері, Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша жазба жұмыстардың әдістемелік негіздері, Дипломалды тәжірибе
28	Мектепте академиялық жазылымды	Курс ғылымға және оның жіктелуіне, ғылыми зерттеулердің әдісі мен әдіснамасына анықтама береді, ғылыми ақпараттың негізгі көздерімен, оқу-ғылыми жұмыстың құрылымымен,	6	8	Ғылыми -зерттеулер негіздері және академиялық жазу	Қорытынды аттестаттау

	оқытудың әдістемелік негіздері	мектеп оқушыларының ғылыми бағыттағы жұмыстарын (эссе, жоба жұмыстарын, баяндамаларды) жүргізу, ресімдеу және қорғау ерекшеліктерімен таныстырады. Студенттер ғылыми гипотезаларды тексеру және қайта қарау мақсатында тиісті деректерді жинау үшін тиісті құралдар мен әдістерді пайдалана отырып, бірлескен ортада ғылыми зерттеулерді жоспарлай, жобалай және жүргізе алады.				
29	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша жазба жұмыстардың әдістемелік негіздері	Курс жазба жұмыстардың әдістемелік негіздерін меңгеруге бағытталған. Пәнде жазба жұмыстарының түрлері, оларға қойылатын талаптар, әдеби мәтінмен жұмыс, эссенің құрылымы мен түрлері, жазба жұмысты бағалау критерийлері, оқушылардың әдеби тіл стильдеріндегі мәтін бойынша жазбаша сөйлеу әрекетін дамыту әдістемесі қарастырылады. Пәнді меңгеру нәтижесінде студент жазба жұмыстарының жүйесін, ерекшеліктерін сипаттайды, қазақ орфографиясына тән негізгі заңдылықтарды анықтайды, жазба жұмыстарға қойылатын талаптарды саралайды, жазба жұмыстардың бағалау критерийлерін анықтайды, жазба тілге тән белгілерді жіктейді және салыстырады. Жазба жұмыстарының түрлерін сыни бағалайды, жазба жұмыстарына тән әдіс-тәсілдерді жүйелейді. Курс студенттерге жазба жұмыстарын ғылыми-методологиялық, практикалық тұрғыдан талдауға және тапсырмалар жүйесін құрастыруға мүмкіндік береді.	6	8	Ғылыми -зерттеулер негіздері және академиялық жазу	Қорытынды аттестаттау
Кәсіптік пәндер циклі ЖОО компоненті						
1	Қазақ тілі мен әдебиетін қашықтықтан оқыту платформалары мен сервистері	Пән қазіргі мектепте филологиялық пәндерді оқытудың қазіргі заманғы білім беру технологияларын, қашықтықтан оқыту платформалары мен сервистерін, интернетті, телекоммуникациялық құралдарды, мультимедиялық және электрондық бағдарламалар мен оқулықтарды пайдаланудың тұтас көрінісін қалыптастыруға бағытталған. Пәнді оқу барысында студенттер қашықтықтан оқыту платформаларын зерттейді; инклюзиялық ортада оқытудың модельдері мен технологияларын сипаттайды; оқыту жүйелерін ажыратады;	5	8	Қазақ тілін оқыту әдістемесі, Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі	Қорытынды аттестаттау

		оқытуға арналған интербелсенді тапсырмаларды жасаудың онлайн-сервистерін саралайды; қашықтықтан оқыту платформаларының артықшылықтары мен кемшіліктерін сыни тұрғыдан талқылайды; қашықтықтан оқытудағы оқыту платформалары мен сервистердің тиімділігін бағалайды; аудио және видео өңдеу құралдарын қолданудың жаңа тәсілдері мен озық тәжірибелерін көрсетеді.				
	Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы сандық ресурстар	Курс қазақ тілі мен әдебиетін қазіргі білім беру жүйесіне сәйкес оқыту әдістерімен және сандық білім беру ресурстарын пайдаланудағы білімдерін, дағдылары мен іскерліктерін кеңейтуге бағытталған. Курста қазақ тілі мен әдебиетін мектепте оқыту кезінде білім беруді цифрландыру және электрондық оқыту (e-learning) жүйесін, гипермәтіндік технологияларды мобильді, бұлттық, смарт технологияларды енгізу және іске асыру процесін ұйымдастырудың теориялық-практикалық негіздері қарастырылады және талданады. Пәнді меңгергеннен кейін студент сандық құралдарды сипаттайды; онлайн-сервистер мен интерактивті оқытуға арналған платформаларды талдайды; оқытуда QR кодтарын қолданады; бейнеконференция жүйелерін саралайды; онлайн тестілеу және білімді бақылау сервистерін анықтайды; оқытудағы сандық ресурстардың тиімділігін бағалайды.	5	8	Қазақ тілін оқыту әдістемесі, Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі	Қорытынды аттестаттау
2	Қазақ тілі стилистикасы	Курс қазақ тілі стилистикасының теориялық негіздері, фонетикалық, лексика-фразеологиялық, сөзжасамдық, синтаксистік стилистиканың жалпы бағыттары бойынша оқытуға бағытталған. Курста стилистиканың негізгі бағыттары мен аспектілері, салалары, негізгі ұғым-категорияларымен заңдылықтары, тілдің стилистикалық құрылымы, қазіргі қазақ әдеби тілінің функционалды стильдері, тілдік құралдардың стилистикалық бояуы, оның түрлері, стилистиканың зерттеу әдістері қарастырылады. Курс соңында студент тілдің әртүрлі деңгейлерінде стилистикалық талдау жасайды, стилистикалық зерттеулердің негізгі әдістерін игереді, қазақ, орыс тілдерінде іскерлік және практикалық деңгейде қарым-қатынасты	6	8	Қазіргі қазақ тілі синтаксисі, Сөз тіркесі және сөйлем синтаксисі	Қорытынды аттестаттау

		ұйымдастыруға қабілетті, сөйлеудің әртүрлі стильдері мен олардың қызметі туралы теориялық мәліметтерді түсіндіреді, сөйлеудің әртүрлі стильдерін, қазақ тілінің синонимдік барлық байлығын, әр алуан құралдарын іс жүзінде қолдана отырып, тілдік талғамын, сөйлеу мәдениетін көрсете алады.				
	Стилистика және сөйлеу мәдениеті	Курс орфоэпикалық нормаға негізделген сөйлеу мәдениетінде ауызша дұрыс сөйлеу, сауатты жазу, сөзді мағынасына сай дұрыс қолдана білу қабілетін қалыптастыруға бағытталған. Пәнді игеру нәтижесінде студенттер стилистика және сөйлеу мәдениеті теориясында қарастырылатын негізгі мәселелерге, сөйлеу мәдениетінің ерекшеліктері мен сөз қолдану заңдылықтарына, сөйлеу мәдениетіне ықпал етер сөйлеу техникасы және бейвербалды әрекеттер туралы деректерге, қазақ тіліндегі әңгімелесу және кітап стилінің түрлеріне баса назар аударады; сөздің мағынасын тар және кең түрлерден ажыратады; дұрыс емес бірлестіктердің ықпалынан стильден ауытқушылықтарды қарастырады және талдайды; қазақ, орыс тілдерінде күнделікті қарым-қатынаста сөйлеу мәдениетінің негізгі қағидаларын тиімді пайдалану дағдыларына ие болады.	6	8	Қазіргі қазақ тілі синтаксисі, Сөз тіркесі және сөйлем синтаксисі	Қорытынды аттестаттау
3	Қазақ тілін оқыту әдістемесі	Оқу пәнінің міндеті – қазақ тілі мұғалімін кәсіптік-әдістемелік даярлау, мектепте жаңартылған білім беру мазмұны негізінде сабақты заманауи үлгілеу қағидастарымен таныстыру. Курста қазақ тілін оқытуға арналған жаңартылған білім беру бағдарламасындағы білім мазмұны, оның педагогикалық, психологиялық методикалық аспектілері талданады. Критериалды бағалау, оқытудың әдістері мен қағидалары, сабақты өткізу, оның құрылымы, білім беру технологиялары, инновациялық әдіс-тәсілдер, сыныптан тыс және оқу-тәрбие жұмыстары, теориялық білімді практикада қолдану жолдары қарастырылады. Пәнді оқу барысында студент қазіргі заманғы әдістемелік жүйелерді талдайды; пәннің теориялық негіздерін және оны оқытудың жаңа технологияларын пайдалана отырып, «Қазақ тілі» пәні бойынша сабақтар құрудың заманауи әдістерін пайдаланады.	6	5	Педагогикалық – психологиялық тәжірибе	Қазақ тілі мен әдебиетін қашықтықтан оқыту платформалары мен сервистері, Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы сандық ресурстар, Өндірістік тәжірибе

4	Филологиялық білім берудегі тілдік талдау технологиясы	Курс қазақ тілі ғылымының бірыңғай мазмұны мен жүйесін, оның сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысын кешенді-сатылы талдау технологиясы бойынша меңгертуге, әдеби тіл нормасын үйретуге, сауатты да көркем жазуға дағдыландыруға, жүйелі ойлау мен мәдениетті сөйлеу дағдысын қалыптастыруға бағытталған. Пән білім алушылардың фонетикалық, лексикалық, сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік бірліктерге сатылай кешенді талдау дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Курс негізінде студент білімді ғылыми негізде сатылай кешенді меңгереді; әртүрлі бағытта шығармашылық жұмыстар жүргізеді; сатылай кешенді талдаудың негізгі қағидаларын тиімді пайдалану дағдыларына ие болады.	6	5	Қазіргі қазақ тілі, Тіл білімінің теориялық негіздері	Өндірістік тәжірибе
5	Педагогикалық шеберлік	Бұл курс студенттерде қалыптастырады: мұғалімнің кәсіби қызметінің тұтас құрылымы, оның жеке басы туралы; кәсіби-педагогикалық шеберліктің мәні, мазмұны және ерекшелігі туралы; Педагогикалық шеберлік негіздерінің құрылымдық құрамдас бөліктері: педагогикалық қабілеттер, педагогикалық техника және педагогикалық ықпал ету құралдары, театр педагогикасы мен шешендік өнер элементтері туралы білімді. Педагогикалық қызметті педагогикалық және азаматтық сананы дамыту, студенттердің шығармашылық және жеке өсуінің шарты ретінде түсіну және қабылдау. Сондай-ақ, бұл курс мектепке дейінгі және орта білім беру жүйесінде өзінің кәсіби өсуі мен жеке дамуының траекториясын жобалаудың педагогикалық техникасы мен дағдыларын практикалық игеруге ықпал етеді.	4	6	Педагогика, Инклюзивті білім беру	Өндірістік тәжірибе
6	Инклюзивті білім беру	Бұл курс қазіргі әлемдегі инклюзивті білім беруге шолу жасап ұсынады. Студенттер «инклюзия» ұғымын ажырата алады, арнайы білім беруді реформалау мәселесін аша алады, ұлттық арнайы білім беру жүйесінің қалыптасуы мен даму тарихын қарастырады, балаларды интеграциялау модельдерін талдайды және салыстыра алады, мүмкіндігі шектеулі, инклюзивті білім беруді басқарудың құқықтық және этикалық негіздерін түсіндіреді.	5	5	Білім берудегі психология	Педагогикалық тәжірибе, Педагогикалық шеберлік

7	Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі	Курс әдебиетті оқытудың ғылыми-теориялық, әдіснамалық негіздерін меңгертуге бағытталған. Курста білім алушы әдебиетті оқыту әдістемесінің ғылыми пән екендігін, мектептік пәндер жүйесіндегі орны және өзіндік ерекшеліктерін меңгереді. Критериалды бағалау, оқытудың әдістері мен қағидалары, сабақты өткізу, оның құрылымы, білім беру технологиялары, инновациялық әдіс-тәсілдер, сыныптан тыс және оқу-тәрбие жұмыстары, теориялық білімді практикада қолдану жолдары қарастырылады. Пәнді оқу барысында студент қазіргі заманғы әдістемелік жүйелерді талдайды; пәннің теориялық негіздерін және оны инклюзиялық ортада оқытудың жаңа технологияларын пайдалана отырып, «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша сабақтар құрудың заманауи әдістерін пайдаланады.	5	6	Педагогикалық – психологиялық тәжірибе	Қазақ тілі мен әдебиетін қашықтықтан оқыту платформалары мен сервистері, Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы сандық ресурстар, Өндірістік тәжірибе
8	Педагогикалық тәжірибе	Білім алушы қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі сабағының талдауын сипаттайды; қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі жұмысының ең тиімді формалары мен әдістерін қолданады; мектепте және бекітілген сыныпта өткізілетін барлық іс-шараларды сыни тұрғыда талдайды; оқушылардың жеке қасиеттерін, олармен қарым-қатынас формаларын зерттейді.	6	6	Инклюзивті білім беру, Педагогикалық-психологиялық тәжірибе	Өндірістік тәжірибе
9	Өндірістік тәжірибе	Білім алушы орта білім берудің жанартылған мазмұны аясында студенттерді практикалық педагогикалық қызметке кешенді қосуды сипаттайды; таңдаған біліктілік жұмысының тақырыбына сәйкес психологиялық-педагогикалық зерттеуді іс жүзінде қолданады; оқытудың заманауи стратегияларын сыни тұрғыдан талдайды; инновациялық білім беру технологияларын саралайды.	15	7	Педагогикалық тәжірибе, Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі, Қазақ тілін оқыту әдістемесі,	Қорытынды аттестаттау
10	Дипломалды тәжірибе	Дипломдық жұмыс жетекшісінің басшылығымен жұмыстың мазмұнын, кіріспе бөлімін, негізгі бөлімін, қорытындысын, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшаларын талапқа сай рәсімдейді. Бекітілген бұйрық негізінде сын-пікір, пікірлерді жинақтап, дипломдық жұмысты антиплагиаттан өткізіп, анықтама алады. Нормативтік бақылау парағының талабына сай тексеруге ұсынады.	2	8	Ғылыми-зерттеулер негіздері және академиялық жазу	Қорытынды аттестаттау

4.3 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының модульдері бойынша меңгерілетін несиелер көлемінің жиынтық кестесі

Оқу курсы	Семестр	Меңгеретін пәндер саны	Оқылатын пәндердің саны			Несие саны								Саны	
			МК	ЖК	ТК	Теориялық оқыту	Оқу-танысу тәжірибесі	Педагогикалық-психологиялық тәжірибе	Педагогикалық тәжірибе	Өндірістік тәжірибе	Дипломалды тәжірибе/	Қорытынды бақылау	Барлығы кредит	Емтихан	Сынақ
1	1	7	5	2		31							31	6	1
	2	8	5	3		29	2						31	7	1
2	3	6	2	4		30							30	5	1
	4	5	1	1	3	28		2					30	4	1
3	5	6		5	1	30							30	6	
	6	5		3	2	25			6				31	5	
4	7					-				15			15	-	
	8	6			6	32					2	8	42	6	
Барлығы		43	13	18	12	205	2	2	6	15	2	8	240	39	4

5. ОҚУ НӘТИЖЕСІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Бакалавр даярлауда оқу нәтижелерін бағалау және бақылаудың әр түрлі формалары қолданылады: **ағымдық бақылау** (сұрақ, тестілеу, бақылау жұмыстары, курстық жұмыстарды қорғау, дискуссия, тренинг, коллоквиум, оқу пәнінің бөлімдері бойынша тестілеу, емтихан, тәжірибе бойынша есеп қорғау), **қорытынды аттестаттау** (диплом жұмысын қорғау, кешенді емтихан).

Бағалау жүйесінің кестесі

Әріптік жүйе бойынша баға	Балдардың сандық баламасы	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау	ECTS бойынша баға	Анықтамасы
A	4,0	95-100	Өте жақсы	A	Үздік көрсеткіштер, үздік білім мен дағдылар
A-	3,67	90-94			
B+	3,33	85-89	Жақсы	B	Жоғары көрсеткіштер, жақсы білім мен дағдылар
B	3,0	80-84	Жақсы	C	Білім және дағды ортадан жоғары көрсеткіштер
B-	2,67	75-79			
C+	2,33	70-74	Жақсы	D	Білім мен дағдылар орташа, елеулі емес қателер бар көрсеткіштер
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық		
C-	1,67	60-64			
D+	1,33	55-59			
D	1,0	50-54	Қанағаттанарлық	E	Білім мен дағдылар ең төменгі өлшемдерді қанағаттандырады
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз	FX, F	Білім мен дағдылар ең төменгі өлшемдерді қанағаттандырмайды